



Рис1.

Список использованных источников:

1. Андреева И.А. Энциклопедия: Шитьё и рукоделие – 2-е изд.-М.: Большая русская энциклопедия, 1998.-288с.
2. Перевертень Г.И. Поделки из бросового материала/ Г.И. Перевертень. – М.: АСТ; Донецк: Сталкер, 2005. – 23с. Поделки своими руками.

Жигитов А.Б.¹, ЖарылкасимҒ.М.²

1.Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі

2.Студент 4 курста, физика-математика және жалпы техникалық пәндер кафедрасы, мамандықтың «Кәсіптік оқыту»

КОРПУСТЫҚ ЖИҒАЗДЫ ЖАРЫҚПЕН ДЕКОРАЦИЯЛАУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІ

Адамның шығармашылық іскерлік нысаны ретіндегі жиһаз оны жасаған адамдардың өмір сүру жаңдайын, дәстүрлері мен талғамдарын бейнелейді, қолданбалы өнердің даму деңгейі мен техника жағдайын сипаттайды, еліміздегі өндіріс материалдары мен әдістері туралы мағлұматтар береді, яғни материалдық мәдениет ескерткіші болып табылады. Көркем-стильдік қатынаста жиһаздың архитектурамен ортақ сипаттары бар, себебі ол интерьердің ажырамас бір бөлігі болып табылады және адамның еңбек пен демалыс үдерісіндегі жайлылықты қамтамасыз етеді. Жаппай тұтынушылық пен өндіріс, утиларлық және эстетикалық қасиеттердің үйлесімділігі жиһазды өнеркәсіптік өнер туындысы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, яғни ол адамға тұрақты оң әсер ету мақсатында бізді айнала қоршаған күнделікті заттық әлемді эстетикалық өзгерту болып табылады[1].

Ағаш жиһаз адамзат өркениетінде көп мыңжылдықтан бері бар. Материалдың қолжетімділігі, төмен жылуөткізгіштігі, экологиялық тазалығы, ағаштың қайталанбас суреті және функционалды зат қана емес, сырттай қарау және қолмен ұстаудан эстетикалық ләззат алуға болатын тұрмыстық керек-жарақтарды жасау – мұның бәрі жиһаз таңдау кезінде өте маңызды болып табылады.

Бәлкім, бірінші жиһаз тұрғын жайға әкелінген ағаштың бос қуысты (шіріп кеткен) дiңгегі болған шығар. Оны сақтауға арналған ыдыс ретінде пайдаланған. Қақпағының болуы оған отыруға мүмкіндік берсе, кейіннен ол сандыққа айналды.

Ағаштан жиһаз жасаған бірінші адамдар мысырлықтар болған. Біздің заманымызға жеткен суреттер мен археологиялық олжаларға ұқсас олар табуреттер мен үстелдер жасаған. Кейіннен, құрал-саймандардың жетілдірілуімен, металлургияның дамуымен және қоладан темірге көшуімен адамзат қатаң функционалды міндеттерді шешуден шебердің жұмысынан эстетикалық ләззат сыйлайтын интерьер бұйымдарын жасауға кірісті.

Интерьерге қайталанбас стиль беру үшін, дизайнерлер өз жұмыстарында жиһаздарды диод арқылы жарықтандыру сияқты бірегей әдісті қолдануда. Ол үшін мына жарықтандыру құралдарын қолданады: диодты шамдар, диодты ленталар және диодты сызғыштар. Әрине, бұл жағдайда диодты лентаны қолдану ең ыңғайлы әдіс болып табылады. Диодты лента жоғары техникалық сипатқа, бірегей жарық сапасына ие және де интерьер жарықтандыру жұмыстарында кең қолданылады. Диодты ленталар иілгіштігінің арқасында кез-келген жиһаз элементіне орнатыла береді. Лентаның желімді беті оңай орнатуға мүмкіндік береді. Диодты лента сапалы және қауіпсіз материалдардан дайындалғандықтан, орнатылатын жиһаз бетін бұзбайды.

Диодты ленталар төмен деңгейдегі вольттық кернеумен істейтіндіктен, қызып кету және қысқа тұйықталу ықтималдылығын азайтады. Диодты жарығы, сәулеленуі көзді алмайды. Сонымен қатар, диодты ленталар түстер мен реңктердің кең ауқымымен қамтамасыз етеді. Жарықты және түс гаммасын реттеу үшін реттегіш контроллер қолдануға болады. Контроллер – бұл шағын өлшемді электрондық құрал.

Диодты лентаның көмегімен жұмсақ жиһаздарды, журнал үстелін, шкафтарды, ас бөлме жиһаздарын, шыны сөрелерді, әйнектерді және де кез-келген интерьер бөліктерін жарықтандыруға болады. Сонымен бірге, ленталар сіздің интерьеріңізге қайталанбас стиль жасай отырып, иілімділігінің арқасында кез-келген жерге оңай орнатылады[2].

Шындығында, интерьер дизайнындағы қайталанбас әдіс – жиһаздарды диод арқылы жарықтандыру. Жарықтандыруды қала үйлері мен қала сыртындағы үйлерге қолдануға болады. Жарық орнату үлкен қалалардың ритмін және қала сыртындағы үйлердің жайлылығын сезінуге мүмкіндік береді.

Ағаш журнал үстелшелер баспа өнімдерін сақтау үшін ғана қолданылмай, жарқын сәндік элемент болып табылады. Олар үйлерде журналдардан да ертепайда болды, бірақолкездеатауыбасқаеді. Людовик XIV

әдемі ағаш бұйымды бағалы заттар салынған қобдишасын сақтауға пайдаланған, жарлықтарға өзінің патшалық қолтаңбасын дәл сонда қойғанды ұнатқан. Одан кейін сарай маңындағы ларезүйлеріне осындай үстелшелерді қоюды сән қылған [3].

Қазіргі пәтерлерде ағаш журнал үстелді көбінесе қонақ үйлерден кездестіруге болады, алайда бұл жағдай қатып қалған аксиома емес. Бұл жиһаз түрі кіреберіс бөлмеде де, жатын бөлмеде де тамаша көрінеді. Ылғал ағаштың басты жауы болып табылатындарын еске сақтау қажет. Ағаш бетінің табиғи түсінің «жанып кетуін» болдырмау үшін, күн сәулесінің ұзақ уақыттық тікелей әсерінен сақтау қажет [4].

Ағаш – салтанатты интерьерлермен де, ең демократиялық интерьерлермен де тамаша үйлесетін классикалық материал болып табылады. Ағаш үстелдер шыны мен металға толы бөлменің өзіне де үйлесіп кетеді. Ең бастысы – оны

қай жерге дұрыс орналастыру керектігін білу және сәйкес пішінін таңдау. Онда жұмсақ жиһаздың жанына қойған дұрыс, сонда үстел қажетті ұсақ-түйектерді қоятын орынға айналады, жазба үстелден бастап дастархан жасайтын үстелге дейінгі әртүрлі қызметтерді атқаратын болады. Оның конструкциясы берік, орнықты, ал беті – механикалық зақымдаулардан қорғалған болуы тиіс. Көп жағдайда журнал үстелшелерінің аяқтары доңғалақтармен толықтырылып, оларды қажеттілік бойынша жылжытуға мүмкіндік береді. Сәндік элемент ретінде үстел терезенің жанына орналастырылады, немесе интерьердегі өзге бос орынды толтырады. Бұл жағдайда, оның функционалдылығына емес, сыртқы түріне көбірек талап қойылады. Олағаштың бағалы түрлерінен жасалып, жартылай бағалы тастармен көмкеріле алады, пішіні де өзгеше болуы мүмкін, осылайша үй иелерінің көзқуанышына айналады. Ал шағын бөлмелерде кішігірім әсе мүстелмінсіз үйлесім табады [5].

Ағаш журнал үстел жылу мен жайлылық бере түседі. Себебі ағаш – тыныштық пен үйлесім туғызып, өз жанының бір бөлшегін айналадағылармен бөлісетін жанды материал. Оның үстіне, ағаш жиһаз – асқан беріктік пен төзімділікке ие ең экологиялық таза және ыңғайлы жиһаз. Сонымен қатар, қытайлық фэн-шуй ілімінің тұжырымдамасына сай, ол адамның ақыл-ойының, эмоционалдық және физикалық дамуына жағдай жасайды.

Біз өз тәжірибе жұмысымызда ағаш журнал үстелдерін жиһаз жасауға арналған талаптарды ескере, заманауи жарықтандыру арқылы әсемдедік.

Қорыта келгенде, интерьер дизайнындағы қайталанбас әдіс жиһаздарды жарық арқылы декорациялау болып табылады. Жаңа электрондық технологиялар жиһаздарын әсемдеуге көп мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттердің тізімі:

1. Барановский В.А. Проекты мебели для вашего дома. 2005. — 344 с.
2. Журнал «Сам себе мастер» М.: Гефест-Пресс. — 36 с.
3. Левадный В.С. Мебель для нашего дома. М.: Аделант, 2005. — 288 с.
4. Янг М.Э. Основы декорирования. М.: АСТ; Астрель, 2007. — 302 с.

5. Лацис М.С.(отв. ред.). Дизайн интерьера. 500 идей для типовых квартир. М.: Эксмо, 2012. — 336 с

Касымова А.Г.¹, Жолдыбекова А.Б.²

*1. Ғылыми жетекшісі, физика-математика ғылымдарының кандидаты,
доцент*

*2. Студент 4 курста, физика-математика және жалпы техникалық пәндер
кафедрасы, мамандықтың «Физика»*

МИҒА ШАБУЫЛ ӘДІСІН ФИЗИКА САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУ

XX ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен.

«Нені оқыту керек?» деген сауалға мемлекеттік білім беру стандарты жауап берсе, «қалай оқыту керек?» сауалына жауапты тек мұғалімнің кәсіптік даярлығынан, жаңа технологияны пайдалана білуінен, өзінің нақты мақсатын дәріс үстінде қалыптастыра білу шеберлігінен іздеу керек. Әрбір мұғалім тиісті әдістемелік іскерлікті меңгере білуі, оқу материалы мазмұнын логикалық-дидактикалық тұрғыдан талдай білуі керек. Оқытушы өзінің әр сабағымен шәкірттерін қызықтыра біліп, шәкірттері сол сабақты асыға күтіп отыратын дәрежеге жеткізу қажет. Сонда ғана оқытушы шын ұстаз болғаны деп санаймын.

Егер бала алған білімдерін орынды пайдалана білсе, еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамып, сандық технологияларда құзырлылық таныта алатын жеке тұлға болып қалыптасады. [1]

Қазіргі таңда оқыту мен оқудың сан алуан әдіс-тәсілдері бар. Сол әдіс-тәсілдердің тиімдісін және пайдалысын мұғалім өз еркімен таңдайды. Осындай әдіс-тәсілдерді зерттей келе, көңілімнен шыққаны, әлемдік озық идеялар негізінде жасалынған жобалардың бірі –«Миға шабуыл» әдісі. Миға шабуыл әдісін 1941 жылы А.Ф.Осборн ұсынған болатын. Әуел баста жарнамалық бизнесте қолданылған бұл әдіс адамның шығармашылық ойлауына қозғау салу мақсатын көздеген еді. Бұл әдіс шетелдерде кеңінен қолданылып келеді. Біздің елімізде де осы әдісті қолданудың маңызы зор. Миға шабуыл оқушының өзін-өзін жоғары бағалауына, ойын еркін айтуына, жаңа идеялар мен ойларының туындауына жол ашады. [2]

Тәжірибе жүзінде көз жеткізгенім қазақ балаларынан гөрі орыс ұлтының балалары ойларын ашық жеткізеді және ойын айтудан қысылмайды. Қазақ балалары көп жағдайда ойын жеткізуге қысылады және сыртқы бағалаудан қорқады. Сол себепті көп оқушылар біліп тұрғанын да айта алмай немесе жеткізе алмай жатады. Осы олқылықтың алдын алу және болдырмау үшін миға шабуыл әдісін бүкіл Қазақстандық мектептерде негізгі әдіс ретінде қолданылса нұр үстіне нұр болар еді. Бұл әдістің негізгі ерекшелігі бүкіл пәндерге және